

**6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша
философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін Ph.D докторант
Амантаева Меруерт Ералиевнаның**

**«Қаратай көкбасының (*Eryngium karatavicum* ІІjіn) фармакогнозиялық зерттеуі және оның негізінде
фитосубстанция алу» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Фылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен даму қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналық аясында орындалған (жобаның медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама өкімінің, «Қазақстан Республикасы 2022-2026 жылдарға аясында орындалған (бағдарламаның атавы) арналған ғылымды дамыту Концепциясын» жүзеге асырудың 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі басым бағыттарына, яғни аз зерттелген отандық эндемжанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Амантаева Меруерт Ералиевнаның «Қаратай көкбасының (<i>Eryngium karatavicum</i> ІІjіn) фармакогнозиялық зерттеуі және оның негізінде фитосубстанция алу» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы «Фармацевтика және бағдарламаның аясында орындалған (жобаның медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы»; «Қазақстан Республикасы 2022-2026 жылдарға аясында орындалған (бағдарламаның атавы) арналған ғылымды дамыту Концепциясын» жүзеге асырудың басым бағыттарына, яғни аз зерттелген отандық эндемжанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) өсімдіктердің құрамы мен қасиеттерін зерттеу, биологиялық өсерлерін анықтау, субстанциялар алудың тиімді жолдарын қарастыру, соның ішінде өсімдік текстес дәрілік құралдардың үлесін арттыру бағытына сәйкес.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Амантаева Меруерт Ералиевнаның орындаған диссертациялық жұмысы ғылымның дамуына қосқан елеулі үлесі болып табылады және оның маңыздылығы зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен расталған.</p> <p>Қазақстан Республикасында өсетін өсімдік шикізатына фармакогнозиялық зерттеу және сапасының талдауы жүргізілген.</p> <p><i>Eryngium karatavicum</i> ІІjіn дәрілік өсімдік шикізатынан экстракттар алынып, микробқа қарсы, антиоксиданттық және цитоуыттылық белсенеділігі зерттелген.</p>

			<p><i>Eryngium karatavicum</i> Ыжін өсімдігі шикізатынан экстракт алудың тиімді әдістері қарастырылып, параметрлері салыстырылған. Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде сапа спецификациялары құрастырылған. Бұгінгі танда эндемиялық өсімдік болып табылатын <i>Eryngium karatavicum</i> Ыжін фармакогнозиялық зерттеу, макроскопиялық және микроскопиялық белгілерін бүкіл әлемде кең таралған <i>Eryngium planum</i> L. және Түркия мемлекетінің эндемиялық өсімдік болып табылатын <i>Eryngium babadagensis</i> салыстырмалы талдау, экстракттың фармакологиялық қасиеттерін анықтау болашақта ҚР өсімдік текстес тиімді, қауіпсіз дәрілік препараттар алуға және тәжірибелеу үшін өзекті болып табылады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>Диссертациялық зерттеудің барлық нәтижелері диссертанттың өз бетінше алынған, бұл ізденушінің фармация саласындағы ғылымға қосқан жеке үлесін куәландырады. Автор диссертацияның барлық бөлімдерін толық аяқтап, талапқа сай безендірген.</p> <p>Диссертация тақырыбы бойынша орындалған зерттеулердің негізгі нәтижелері ғылыми конференцияларда баяндалған. Академиялық адалдық қағидалары мен ережелері толығымен сақталады.</p>
4.	Ішкі принципі	бірлік	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі әдеби және патентік зерттеу дереккөздерінің тереңдігімен негізделеді, яғни 144 дереккөзді қамтитын әдебиеттер тізімі, оның 76-сы шетелдік ғалымдардың жұмысы. Осы ғылыми еңбектерді толығымен зерделеп талдау нәтижесінде жоспарланған жұмыстың негізгі бағыттары айқындалды. Сонымен, дәрілік өсімдік шикізатынан отандық фармацевтикалық өндіріс үшін тұрақты шикізат базасын қалыптастыруға мүмкіндігі бар субстанция негізінде жаңа дәрілік қуралдар жасау және</p>

		оларды зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Жаңа дәрілік өсімдіктерді табу және оларды кешенді түрде зерттеу бүгінгі күнгі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Дәрілік өсімдік шикізатының құрамындағы биологиялық белсенді заттарды анықтау, химиялық құрамын белгілеу жұмыстары отандық дәрілік құралдар ассортиментін кеңейтуге зор ықпал етеді.
4.2	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелердің, негізгі ережелердің, қорғауға шығарылатын қорытындылар мен тұжырымдардың сенімділігі, эксперименттік материалдардың маңызды көлемімен негізделген. Заманауи құрал жабдықтарды, талдау әдістерін және заманауи дереккөздерді қолдана отырып, зертханалық жағдайда алынған жеке зерттеу нәтижелерімен расталған.
4.3.	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыс толығымен диссертация тақырыбы мен қойылған мақсаты және міндеттеріне толық сәйкес келеді. <i>Eryngium karatavicum</i> Ijip өсімдік шикізатынан алынған фармацевтикалық субстанцияның сапасы талданып тұрақтылығы, клиникалық емес зерттеулер жүргізу арқылы қауіпсіздігі анықталды. Диссертация бөлімдерінің мазмұны, ақпараттар көлемі, логикалық жүйелілігі, жасалған қорытындылар мен тұжырымдамалар диссертациялық жұмыстың толық аяқталғанын дәлелдейді. Диссертацияның барлық бөлімдері бір бірімен өзара логикалық байланысқан. Қорытындылар мен тұжырымдамалар қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің негізгі қағидаттарын бекітеді.
4.4.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Диссертация бөлімдерінің мазмұны, ақпараттар көлемі, логикалық жүйелілігі, жасалған қорытындылар мен тұжырымдамалар диссертациялық жұмыстың толық

	<p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1)<u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2)талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3)талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>аяқталғанын дәлелдейді.</p> <p>Докторлық диссертациялық жұмыста ішкі бірлік орныққан және жұмыстың барлық бөлімдері, ережелері және қорытындылары толығымен логикалық өзара байланысты.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер фармацевтикалық өнімдерді жасаудың заманауи қағидаттары және белгілі шешімдерімен сини талдай және бағалай отырып салыстыру арқылы дәлелденген.</p>
Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа.</p> <p><i>Eryngium karatavicum</i> ІІjін өсімдігінің жер үсті бөліктеріне макроскопиялық, микроскопиялық, гистохимиялық талдаулар жүргізіліп, нәтижелері Web of Science Core және Scopus халықаралық дереккөрінің кіретін импакт-факторы 4,5, квартиль - 1 (Q1) және процентилі 81 болатын журналда мақала ретінде жарияланды.</p> <p><i>Eryngium karatavicum</i> ІІjін өсімдік шикізатының химиялық кұрамы заманауи газды хроматография масс спектрометрия әдісімен талданып, әртүрлі органикалық еріткіштердегі беттік белсенді заттардың мөлшері анықталды.</p> <p><i>Eryngium karatavicum</i> ІІjін дәрілік өсімдік шикізатын жинау және дайындау технологиясы ұсынылды. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК №01-08/200 (27.07.2019) анықтамасымен идентификацияланған.</p> <p>Түркістан облысының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өнірлік табиғи паркі» мекемесіне <i>Eryngium karatavicum</i> ІІjін өсімдік шикізатын жинау, кептіру және сақтау</p>

		<p>технологиясын енгізу актісі ұсынылды;</p> <p>«Қарағанды медицина университеті» ҚеАҚ Фармация мектебінің 6B10103 «Фармация» және 6B07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған «Фармакогнозия» пәні бойынша оқу процесіне <i>Eryngium karatavicum</i> Иjin өсімдік шикізатының фармакогнозиялық зерттеу нәтижелері бойынша акт енгізілді.</p> <p>С.Ж. Асфендияров атындағы «Қазақ ұлттық медицина университеті» ҚеАҚ фармацевтикалық технология кафедрасына <i>Eryngium karatavicum</i> Иjin өсімдік шикізатының жерүсті бөлігінен перколация әдісімен экстракт алуудың Енгізу актісі ұсынылды.</p> <p><i>Eryngium karatavicum</i> Иjin дәрілік өсімдік шикізатын стандарттау бойынша нормативтік құжат жобасы ЖШС «Зерде-Фито» өндірісіне енгізілді.</p> <p>Зерттеудің ғылыми жаңалығы «Ұлттық зияткерлік мешіткі институты» РМК 01.11.2023 жылғы тіркеу номері №8783 «<i>Eryngium karatavicum</i> Иjin өсімдігінен микробқа қарсы әсері бар экстракт алу тәсілі» өнертабысқа патентімен расталған.</p>
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары нақты және диссертацияның зерттеу міндеттерін орындаудың көрсетеді. Негізгі зерттеу нәтижелерін тұжырымдайтын қорытындылар автордың эксперименттік зерттеулеріне негізделген, толығымен жаңа.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы технологиялық шешімдер толығымен жаңа Зерттеудің ғылыми жаңалығы «Ұлттық зияткерлік мешіткі институты» РМК 01.11.2023 жылғы тіркеу номері №8783 « <i>Eryngium karatavicum</i> Иjin өсімдігінен микробқа қарсы әсері бар экстракт алу тәсілі» өнертабысқа патентімен расталған.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен дәлелденген. Зерттеу жұмысының алдыңғы қатарлы заманауи зерттеу орталықтарында орындалуы және нормативтік құжаттар жобаларының әзірленуі бүтінгі таңдағы өзекті мәселені шешүге бағытталуын айқындайды. Заманауи құрал жабдықтарды, талдау әдістерін және заманауи дереккөздерді қолдана отырып, зертханалық және өндірістік жағдайда алынған жеке зерттеу нәтижелерімен негізделген.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 	<p>Барлық негізгі қорытындылар жеткілікті негізделген және сәйкес құжаттармен, эксперименттік нәтиже мәліметтерінің шынайылышымен дәлелденген.</p> <p>7.1 «Қаратая көкбасының (<i>Eryngium karatavicum</i> Iljin) фармакогнозиялық зерттеуі және оның негізінде фитосубстанция алу» диссертациялық тақырыбының корғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің негізгі қағидаттары дәлелденген.</p> <p>7.2 Жұмыс ғылыми жаңашыл болғандықтан, диссертацияның негізгі ережелері тривиалды емес.</p> <p>7.3 Диссертациялық жұмыс бойынша негізгі қағидаттар мен қорытындылар толығымен жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. КеАҚ С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-нің фармацевтикалық технология кафедрасы оқу үрдісіне <i>Eryngium karatavicum</i> Iljin дәрілік өсімдік шикізатынан перколоция әдісімен қою экстракт алу тәсілі енгізілген, енгізу актісімен расталған.</p> <p>7.5 Иә, дәлелденген. Зерттеу нәтижелері бойынша 9 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде: Web of Science Core және Scopus халықаралық дереккөрінің кіретін Plants журналында мақала жарияланды. Журналдың импакт-факторы 4,5, квартиль 1 (Q1) және процентилі 81. Қазақстан</p>

			Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдардағы мақалалар - 3; тезистер және Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы мақалалар (Қазақстан, Тәжікстан) - 4; онертabyсқа патент – 1.
8.	Дәйектілік принциптер мен Дереккөздер ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p>	Диссертациялық жұмыста бір сенімділіктің бірыңғай әдістемелік принципі сақталған. Ұсынылған әдістеме диссертациялық жұмыстың сәйкес болімінде көрсетілген тиісті жолмен дұрыс жасауга мүмкіндік береді және Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің ғылым және білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің талаптарына толық сәйкес келеді.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы заманауи әдістерді қолданған: ультрадыбыстық әсермен ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен бөлшекті мацерация, газды хроматографиялық масс-деректердің өндеу және интерпретациялауда спектрометрия әдісі. Ғылыми зерттеуде қолданылған әдістер әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p>	Диссертациялық зерттеуді жүргізу барысында автор заманауи әдістерді қолданған: ультрадыбыстық әсермен ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен бөлшекті мацерация, газды хроматографиялық масс-деректердің өндеу және интерпретациялауда спектрометрия әдісі. Ғылыми зерттеуде қолданылған әдістер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Фармакопеясының, Евразиялық Экономикалық Одақ Фармакопеясының талаптарына сай. Статистикалық өндеуде Microsoft Excel бағдарламасы қолданылған.
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p>	Теориялық және тәжірибелік қорытындылар эксперименттік мәліметтермен расталған. Диссертацияның негізгі қағидаттараты тұжырымдалған және қорытынды зерттеу нәтижелерімен айқындалған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді	Барлық ғылыми мәлімдемелер сенімді ғылыми әдебиеттерге

		ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған	сілтеме арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста 144 әдебиет көздері пайдаланылған, оның 76 шетелдік ғалымдардың еңбектері күрайды.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы күмән тудырмайды, 6B10103 – «Фармация», 6B07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламаларының оку үрдісінде қолдану мүмкіндігіне ие.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ul style="list-style-type: none"> -<i>Eryngium karatavicum</i> ІІjін дәрілік өсімдік шикізатына фармакогнозиялық зерттеу жүргізілген және стандартталған; -<i>Eryngium karatavicum</i> ІІjін дәрілік өсімдік шикізатынан перколоция және ультрадыбыстық әсермен бөлшекті мацерация әдістерімен экстракттар алынған; -экстрактылардың химиялық құрамы заманауи физика-химиялық әдістермен анықталған және микробқа қарсы, антиоксиданттық белсенділігі, цитоуыттылығы, клиникаға дейінгі әсерлері зерттелген. ББЗ құрамы, экстракциялау уақыты, тиімділігі есепке алынып, ультрадыбыстық әсермен бөлшекті мацерация әдісімен алынған экстракт онтайлы болды. -Зерттеудің ғылыми жаңалығы «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК 01.11.2023 жылғы тіркеу номері №8783 «<i>Eryngium karatavicum</i> ІІjін өсімдігінен микробқа қарсы әсері бар экстракт алу тәсілі» өнертабысқа патентімен расталған. <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p><i>Eryngium karatavicum</i> ІІjін дәрілік өсімдік шикізатын жинау</p>

		<p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>және дайындау технологиясы ұсынылды. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК №01-08/200 анықтамасымен идентификацияланған;</p> <p>Түркістан облысының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өнірлік табиғи паркі» мекемесіне <i>Eryngium karatavicum</i> ІІjин өсімдік шикізатын жинау, кептіру және сақтау технологиясын енгізу актісі ұсынылған;</p> <p>«Қарағанды медицина университеті» ҚеАҚ Фармация мектебінің 6B10103 «Фармация» және 6B07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған «Фармакогнозия» пәні бойынша оқу процесіне <i>Eryngium karatavicum</i> ІІjин өсімдік шикізатының фармакогнозиялық зерттеу нәтижелері бойынша акт енгізілді.</p> <p>С.Ж. Асфендияров атындағы «Қазақ ұлттық медицина университеті» ҚеАҚ фармацевтикалық технология кафедрасына <i>Eryngium karatavicum</i> ІІjин өсімдік шикізатының жерүсті бөлігінен перколация әдісімен экстракт алуудың технологиялық процесі бойынша Енгізу актісі ұсынылды.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Сауатты ұсынылған және аяқталған зерттеу жұмысын құрайды. Мазмұны мен безендірілу дизайны бойынша іргелі пікірлер анықталған жоқ.</p> <p>6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Амантаева Меруерт Ералиевнаның «Қаратая көкбасының (<i>Eryngium karatavicum</i> ІІjin) фармакогнозиялық зерттеуі және оның негізінде фитосубстанция алу» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және Білім</p>

		саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған талаптарға толық сәйкес келеді және автор 6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.
--	--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Рецензент:

Химия ғылымдарының докторы,
«Қарағанды медициналық университеті» КеАҚ
Фармация мектебінің профессор-зерттеушісі

Атажанова Гаянэ Абдулхакимовна



«10» 06 2024 ж.